

Халықтың әлеуметтік әлжуаз санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі № 88 шешімі. Ақтөбе облысының Қобда аудандық Әділет басқармасында 2009 жылдың 20 мамырда № 3-7-66 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2013 жылғы 22 тамыздағы № 115 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 22.08.2013 № 115 шешімімен.

Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" N 148 Заңының 6 бабына және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 94 Бюджет Кодексінің 56 бабы 1 тармағы 4 тармақшасына сәйкес өнімдердің қымбаттауына байланысты жекелеген азаматтар санаттарына қосымша әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Қобда аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылғы 1 сәуірден бастап мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын 1, 2, 3 топтағы мүгедектерге ай сайын 3 000 (үш мың) теңге көлемінде қосымша көмек көрсетілсін.

2. Алынып тасталды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2012.06.28 № 31 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

3. Алынып тасталды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2012.06.28 № 31 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

4. Қобда аудандық мәслихатының 2008 жылғы 20 желтоқсандағы "Халықтың әлеуметтік әлжуаз санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 70 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім Қобда аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

*Аудандық мәслихаттың
кезекті VIII сессияның
төрағасы:*

Т. Нұржанов

Аудандық мәслихаттың хатшысы:

І. Қобланов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК